



## ЕРЛІГІ ҰРПАҚҚА ҰРАН

**«Ардагерлерді ардақтайық» акциясына орай Ы.Алтынсарин мектеп-гимназиясының оқушылары еңбек және соғыс ардагері, ауданымыздың «Құрметті азаматы», қарт ұстаз Жұматай Құтжановтың шаңырағында болып қайтты. Ауылдың үлкен -кішісі Жүмекеңдеп құрметпен атайтын, ауыл адамдары қадір тұтатын осынау қарапайым адамның бар саналы ғұмыры ұрпақ тәрбиесіне арналыпты.**

Жүмекең ақсақал 1917 жылы 7 қаңтарда жұмысшы жанұясында дүниеге келген. 1931 жылы аудан басындағы Ы.Алтынсарин мектебіне келіп 1937-ші жылы 7-ші сыныпты аяқтайды. Сол жылы Ақмола педагогикалық училищесін бітіріп, 1940 жылы өзі білім алған Ы.Алтынсарин мектебіне мұғалім болып орналасады. 1943 жылдың наурызына дейін мектептің оқу ісін басқарса, кейінде мектеп директорына тағайындалады. Осы жерде еңбек етіп жүргенде 1940 жылы 10 наурыз да әскер қатарына шақырылады.

Ел басына күн туған Ұлы Отан соғысы кезінде қолына қару алып, көппен бірге ел қорғауға аттанған ардагер 1943 жылы Тамбов жаяу әскер училищесіне әскери комиссариаттың жолдамасымен барып, училищені 1944 жылы үздік аяқтап шықты.

Жұматай атаның айтуынша дәл биылғыдай үскірік аяз 1943 жылы болыпты. Сол суықта 13 күн жүріп Семейге әрең жетіп, осы оқуға түскендігін тілге тиек еткен еді.

Соғыста поляк жерінде, Польшаның Висла езенінің жағасында майданның алдыңғы шебінде, Белоруссия майданында взвод командирі болыпты. 1944 жылдың 20 қазанынан бас-



тап 1945 жылдың 10 ақпанына дейін жауды қуа ұрыс салып, Германия жеріндегі кескілескен ұрыстарға қатысты. Кейінде Одер өзенінің жағасында болған кескілескен ұрыста жараланып, елге оралған. Майдан жорықтарында көрсеткен ерліктері үшін көптеген медальдармен, «Богдан Хмельницкий» орденімен марапатталды. 2005 жылы Белоруссия жерін немістерден азат етудегі ерен ерлігі үшін мерекелік медаль келгені де ол кісінің ерлігіне берілген үлкен баға екені даусыз. Жүмекең 1945 жылы мұғалімдік қызметіне қайта кірісіп, 1948 жылға дейін Ы.Алтынсарин мектебінде директорлық қызмет атқарды. Ұстаз еңбегі шәкіртімен бағаланады десек, қырық жыл білім беру саласында жемісті еңбек еткен Жүмекеңнің алдын көріп, білім нәрімен сусындаған шәкірттері бүгінде кең байтақ еліміздің түкпір-түкпірінде әр салада жемісті еңбек етуде. Иә, ұстаз үшін шәкірт әркез мақтаныш. Жүмекең де езінің алдынан білім алған кешегі шәкірт, бүгінгіелімізге танымал азаматтарды мақтан тұтады.

94 жастағы ұлағатты ұстаз, ауылымыздың қадірменді ақсакалы Жұматай Құтжанұлы Рәш апаймен он бала тәрбиелеп өсірген. Рәш апа да өмірінің соңына дейін осы мектепте көп жылдар ұстаздық еткен. Ұстаздар ұясынан канат қаққан балалары да жоғары білім алып, әр жерде еңбек етуде. Шаңырағындағы ұлы Серік пен келіні Сәуледен өрбіген немерелерінің ортасында бақытты ғұмыр кешіп жатқан ардагер аға өзіне сый құрмет көрсетіп отырған мектеп ұжымы мен оқушыларға аталық ақ батасын беріп, ризашылық танытты.

Жүмекең ақсақалмен болған осы кездесуде үлкен ой түйіп, шәкірттеріміздің бойына ерекше жігер бергендей әсерде тарастық-

**А.САДЫБЕКОВА,  
Ы.Алтынсарин мектеп-гимназиясының мұғалімі.**

**Суретте: еңбек және соғыс ардагері Ж.Құтжановтың отбасында.**